

# УЛЫБРИТАНИЯ



# Жоспары

1. Ұлыбританияның конституциялық құрылысы
2. Вильям Гладстон мен Бенджамин Дизраэли
3. Лейбористік партияның құрылуы және алғашқы қадамдары
4. Екіпартиялық жүйе және оның қоғамның саяси дамуындағы рөлі
5. Парламенттік реформа үшін күрес
6. ХІХ ғасырдың ІІ жартысындағы парламенттік реформалар
7. Жұмысшы қозғалысы
8. Соғыстың алдындағы дағдарыс



- XIX ғ бас кезінде Англияда саяси және діни бостандық қағидаттары бекіді.
- Ақсүйек – жер иеленушілер байып, кедей адамдар бұрынғыдан да нашар өмір сүре бастады.
- Заң шығару билігі – парламентке, атқарушы билік король және парламент тағайындайтын үкіметке тиісті болды.
- Үкіметті парламенттің төменгі қауымдар палатасын сайлауда жеңіп шыққан партия құрды. Осы партияның көшбасшысы премьер-министрге айналды.



Ленлорд – ірі жер иеленуші  
Йомендер – бай жалға алушылар



## Екіпартиялы жүйе

### Торилер (Консерваторлар)

Басшысы ақылды саясаткер Бенджамин Дизраэли басқарды. Буржуазиялық зиялы отбасынан шыққан ол ақсүйектер мен олардың дәстүрлеріне құрметпен қарады. Ол 1867 ж өмірге енгізген заң – неғұрлым радикалды сипатты болды. Сайлаушылар саны екі есе – бір миллионнан екі миллион адамға дейін өсті.

### Вигилер (Либералдық)

Басшысы Вильям Гладстон. Ол өзінің таланты мен шешендік шеберлігін үкіметтің ең ақылға қонбайтын, әсіресе отарлардағы әрекеттерін ақтай отырып, партияға қызмет етуге арнады. Ол діннің мемлекеттегі рөлі туралы кітаптың авторы. Ол жұмысшы ұйымдарына салынған тыйымды алып тастады, ереуілдерді заңдастырды.

- **1840 жылдан 1900 жылға дейінгі кезеңде жалақы 50%-ға өсті.**
- **Халықтың тұрғын үй жағдайлары мен тұрмысы жақсарды.**
- **Кедейшілік сақталды, жұмыссыздық жойылған жоқ. Жерлеу ғұрпын өткізуге ақшалары жоқ.**
- **1868 ж ең беделді бұқаралық кәсіподақтық ұйым, біздің күндерге дейін өмір сүріп келе жатқан тред-юниондардың Бритиандық конгресінің (ТБК) негізі қаланды.**
- **ТБК кәсіпкерлерден – бейбіт жолмен жалақыны көтеру және жұмыс уақытын қысқартуға, парламенттен жұмысшылар пайдасына заңдар қабылдауға қол жеткізді.**
- **1900 ж ТБК-ң бастамасы бойынша жұмысшылардың бірінші бұқаралық саяси ұйымы – лейбористік партиясы құрылды. Оған жұмысшылар ғана емес, партияда басшылық рөл атқарған ұсақ буржуазия мен зиялы қауым өкілдері де кірді. Мүше адамдар саны 1 млн адамға жетті.**

- ✓ 1815 ж импорттық астыққа жоғары баж салығын белгілеген «астық заңдары» қабылданды. Егер оның бағасы ішкі нарықта бір квартал үшін 80 шиллингтен төмен түсетін болса, онда елге астық әкелуге тыйым салынды. Астық жұмысшылар үшін молшылық нысанына айналды.
- ✓ 1817 ж радикалдар клубтарының уәкілетті өкілдері парламент ғимаратына ұзын тізім түріндегі петиция енгізді. Үкімет оларға қызметтеріне тыйым салынған акт енгізумен жауап берді. Халық биліктен парламенттік реформаны талап етті.
- ✓ 1819ж тамызда Манчестерде, Әулие Петр алаңында арзан астық пен парламенттік реформаны талап еткен, 60 мың адам қатынасқан жиын өтті. 11 адам өліп, 400 адам жараланды.
- ✓ Парламент «ауызды жабуға арналған алт акт» қабылдады.
  - 1) 50 адамнан артық адам қатынасқан жиналысқа
  - 2) әскери жаттығуларға тыйым салуды
  - 3) үнқағаздарға елтаңбалық алымды енгізуді, соттық билікке қару-жарақ іздеумен тінтулер жүргізуге рұқсат беруді

## Екіпартиялық жүйе және оның қоғамның саяси дамуындағы рөлі

### Тори партиясы (консерваторлық)

- Ірі кеме қожайындары мен саудагерлер мүдделерін қорғады.
- Фермерлер

### Виги партиясы (либералдық)

- Ірі ақсүйек өкілдері
- Сауда-өнеркәсіптік буржуазияның мүдделерін білдірді.

ХІХ ғ-ң І жартысында буржуазиялық партиялардан бөлек чартистер әрекет етті. Сол кездегі сайлау жүйесі негізінде парламентке өз өкілдерін өткізуге мүмкіндіктері болмаған жұмысшылар чартистерді алдын ала сайлауларда парламентке үміткерлер ретінде қолдады.



- **1812-1827 ж елді лорд Р.Ливерпулдің кабинеті басқарды.**
- **1819 ж лорд Ливерпулдің кабинеті әлеуметтік заңнама саласында маңызды қадам жасады.**
- **Утопиялық социалист Роберт Оуэннің ықпалымен парламент өз актісімен 9 жасқа дейінгі балаларды жұмысқа қабылдауға тыйым салды. 16 жасқа дейінгі тұлғалар үшін жұмыс күні 10,5 сағатқа дейін төмендетілді.**
- **1831 ж вигилер қауымдар палатасына парламенттік реформа туралы заң жобасын енгізді. Бұл жобада жаңа өнеркәсіптік қалаларға «шіріген жерлер» есебінен орындар беру ұсынылды.**
- **1832 ж сайлаудың қорытындысы бойынша құрылған қауымдар палатасы реформа туралы заң жобасын қабылдады, бірақ лордтар палатасы жоққа шығарды.**
- **1832 ж парламенттік реформа жер иеленуші ақсүйектер мен өнеркәсіптік және сауда капиталистерінің арасындағы саяси ымыраласудың негізін қалады.**
- **1864 ж либералдар партиясының көшбасшысы Уильям Гладстон мүліктік цензді төмендетуді және осылайша жұмысшыларға дауыс беру құқығын беруді ұсынды. Алайда бұл заң жобасын парламент қабылдамады.**

- **1866 ж құрылған консерваторлар үкіметі бастаманы либералдардан тартып алды. Консерваторлар кабинетінің премьер-министрі Бенджамин Дизраэли парламенттік реформаның өз нұсқасын ұсынды, ол мүліктік цензді төмендетуді ғана көздеген жоқ, сондай-ақ ірі өнеркәсіптік қалалардың өкілдігін де кеңейтті.**
- **1867 ж парламенттік реформа болды. Сайлаушылар саны екі есе артып, 2,5 млн адамға дейін жетті.**
- **1868 ж сайлауда консерваторлар жеңіліске ұшырады және оппозицияға өтті. Үкіметті либералдар құрды, У.Гладстон премьер-министрге айналды.**
- **1884 ж үшінші парламенттік реформа жүргізілді.**
- **1885 ж «шіріген жерлердің» құқықтары мен түпкілікті жойылды.**
- **1886 ж сайлауға 5,7 млн адам қатысты.**

## **Жұмысшы қозғалысы**

- Англиядағы XIX ғ 30-50 жылдарындағы пролетариаттың 1-ші бұқаралық, саяси рәсімделген революциялық қозғалысы чартизм деп аталды. Хартияда әлеуметтік топтар мен таптардың саяси талаптары білдірілді.
- 1836 ж бір мезгілде дерлік жұмысшылардың Лондон ассоциациясы мен үлкен Солтүстік одақ пайда болды.
- Халықтық хартия деген атау алған бағдарлама жасалды.
- 1839 ж ақпанда Лондонда бірінші чартистік конвент жиналды.
- 1840 ж шілдеде Манчестерде Ұлттық чартистік ассоциация ұйымдық жағынан рәсімделді.
- 1848 ж чартистік қозғалыс күлдырай бастады.

# Үйге тапсырма: §15, кесте

Англиядағы саяси партиялар мен топтар	Кімдердің мүддесін қорғады?
1.	
2.	
3.	
4.	